

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің кезектен тыс №11 мәжілісі
05 қаңтар, 2026 ж. Сағат 17:00-де
Бас оқу ғимараты, Мәжіліс зал

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-зерттеуші, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Таутонов Ибадулла Айғалиұлының 70 жасқа толуына арналған салтанатты мәжіліс.



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің кезектен тыс №11 салтанатты мәжілісі
05 қаңтар, 2026 ж. Сағат 17:00-де
Өткен орны: Бас оқу ғимараты, Мәжіліс зал

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-зерттеуші, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Тауенов Ибадулла Айғалиұлының 70 жасқа толуына арналған салтанатты мәжіліс.

Төраға: Абдрашева Дана Мейрамовна – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ректорының лауазымдық міндетін атқарушы, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор, Ғылыми кеңес төрағасы.

Д.М.Абдрашева: Құрметті Ғылыми кеңеске қатысушылар! Қадірлі ғалымдар мен ұстаздар, ардақты қонақтар, әріптестер! Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-зерттеуші, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Тауенов Ибадулла Айғалиұлының 70 жасқа толуына арналған Ғылыми кеңесінің салтанатты мәжілісін ашық деп жариялаймын!

Тауенов Ибадулла Айғалиұлы - Еңбек жолын 1977 жылы Тереңөзек ауданы Қазақ ССР-ның 50 жылдығы атындағы кеңшарда аға агроном болып бастады. Білімін жетілдіру және ғылыммен айналысуды ойлап 1979 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтында» кіші ғылыми қызметкер ретінде қабылданып, 1980 жылдан аға ғылыми қызметкерге ауысты.

1983 жылы Мәскеу қаласындағы Д.Н.Прянишников атындағы Бүкілодақтық тыңайтқыш және агропырақтану ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасының күндізгі бөліміне оқуға түсіп, «Эффективность форм и способов внесения азотных удобрений под рис на лугово-болотных почвах низовья реки Сырдарьи» тақырыбында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

1987-1992 жылдары «Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтында» аға ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды.

1992 жылы Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институтының «Агроөнеркәсіп кешені экономикасы» кафедрасының аға оқытушы, жаңадан ашылған «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы» кафедрасы меңгерушісі міндеттерін атқарды.

1996 жылы оқу бөлімінің бас әдіскері, Қызылорда политехникалық институтының тестілеу орталығының бастығы, 1998 жылдан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тестілеу орталығының бас әдіскері, бастығы қызметтерін атқарды. 2002 жылдың қыркүйегінен 2008 жылдың сәуіріне дейін «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

2005 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы Диссертациялық кеңесте «Минеральное питание и продуктивность риса в Казахском Приаралье» тақырыбында докторлық диссертация қорғап шықты.

И.А.Тауенов 2008 жылдың 1 сәуірінен бастап «ҚазАгроИнновация» АҚ қарасты «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2014-2018 жылдары аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды.

Ғалым 200-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектердің авторы, оның ішінде 3 монография, 2 оқу құралы, 25-дан астам ұсынымдар бар. Ауыл шаруашылығы дақылдарының 5 сортының шығуына және 4 жаңа технологиялар әзірлеуге үлес қосып, 15-нан аса өнертапқыштық патенттер және авторлық куәліктер алды.

Ғалымның жетекшілігімен 30 магистр және 6 Философия докторы (PhD) дайындалды. Қазіргі кезде 3 докторант және 1 магистрант ғалымның жетекшілігімен білім алуда.

ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 14 қазандағы Жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен марапатталды.

И.Тауенов 2007 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың Алғыс хатымен, 2012 жылы облыс әкімі Б.Қуандықовтың Алғыс хатымен, 2012 жылы ҚР Ауылшаруашылығы министрі А.Мамытбековтың Құрмет грамотасымен, 2012, 2014 жылдары «ҚазАгроинновация» АҚ басқарма төрағаларының Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2017 жылы облыс әкімі Қ.Көшербаевтың Алғыс хатымен, 2018 жылы Нұр Отан партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасы, облыс әкімі Қ.Көшербаевтың алғыс хатымен, 2019 жылы ҚР ЖОО қауымдастығының «Үздік ғылыми қызметкері» атағымен, 2021 жылы Қызылорда облысының әкімі Г.Әбдіқалықованың Алғыс хатымен, 2022 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаевтың Алғыс хатымен, университеттің «Үздік оқытушысы» төсбелгісімен, ҚР ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, 2023 жылы Адыгей Республикасының Бірінші Президенті А.К.Тхакушинов атындағы Алтын медальмен марапатталған. Қазақстан Республикасы Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 12.12.2024 жылғы №150 шешімімен Сырдария ауданының «Құрметті азаматы» берілді. 2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру ғылыми жобасының жетекшісі.

Төраға: Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар! Есімі үлкен әріппен жазылатын ғалымға, ұстазға, азаматқа лайықты құрмет көрсету, еселі еңбегіне ризашылық білдіру – ең әуелі ұжымға парыз. Олай болса, құрметті Ибадулла Айғалиұлы мен Оразалиева Бибіжан екеуіңізге университеттің Адресатын табыстауға және халқымыздың дәстүріне сәйкес иығыңызға шапан жабуға рұқсат етіңіз! Осыдан соң университет тарапынан *адресат тапсырылып, құттықтау сөз сөйленіп*, 2025 жылғы 25 желтоқсанда өткен Ғылыми кеңес шешімімен

университеттің «Құрметті профессоры» атағы (№10хаттама, 25.12.2025 ж., тіркеу №029) аттестатты беріліп, мантия кигізілді.

Ғылыми Кеңес төрағасы Д.М. Абдрашева құттықтау үшін келесі сөз кезегін «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының партиясы бақылау инспекторы Жарылқасынов Алтынбек Шакімаұлына, «Парасат» орденінің иегері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Қошқаров Серікбай Иманбайұлына, Қызылорда облысының ауылшаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлына, Болашақ университетінің ғылыми зерттеу институтының директоры Муханов Нурлан Бөрібайұлына Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Ералиев Абзал Жұмашұлына, Еңбек Ері, «Таң LTD» ЖШС директоры Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлына, техника ғылымдарының докторы, «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқарма төрағасы Тәуіпбаев Сұлтанбек Тәуіпбайұлына, Аграрлық технологиялар БББ доценті, техника ғылымдарының кандидаты Көптілеуов Болат Жеткербайұлына және институт, БББ жетекшілеріне берілді.

Салтанатты мәжіліс соңында қорытынды сөз той иесі Таутенов Ибадулла Айғалиұлы сөз алып қонақтарға Ғылыми Кеңес мүшелеріне үлкен алғысын білдірді.

Төраға: Сіз еселі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен қоғамда үлкен абырой - беделге иесіз. Осынау мерейлі сәтте ортаңызға сыйлы, абыройлы қалпыңызда әлі де талай жылдар халыққа қызмет ете беруіңізге тілектеспіз. Әрдайым мерейіңіз үстем болып, ел-халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіз! Баршаңыздың отбасыларыңызға молшылық, бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Бүгінгі жиынға келіп, қатысқандарыңызға үлкен рақмет!

Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.

Д.М.Абдрашева

Ғалым хатшы

Л.А.Жусупова

Ғылыми кеңеске қатысқан мүшелер
№ 11 мәжіліс, Өту мерзімі: 05.01.2026 ж. Сағат:17.00

№	Аты-Жөні-Тегі
1.	Абдрашева Дана Мейрамовна
2.	Бурибаева Майнура Абильтаевна
3.	Айтимов Мурат Жолдасбекович
4.	Бердалиева Гульзат Кыстаубаевна
5.	Уразбаев Нурлан Жеткергенович
6.	Кошкаров Серикбай Иманбайұлы
7.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы
8.	Сактаганова Наргуль Амановна
9.	Омаров Қали Әбдіұлы
10.	Оразбаков Айтжан Жұмабайұлы
11.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы
12.	Тайман Сағат Тамшыбаевич
13.	Тоқтағанова Гулжас Баданқызы
14.	Кулмурзаев Нурлан Серикович
15.	Абжалелов Бахытбек Байдосович
16.	Мирманов Наку Бахаутдинович
17.	Исаева Айнур Женисовна
18.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы
19.	Ильясова СамалМырзамуратовна
20.	Жаппасбаев Алибек Бахытжанович
21.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы
22.	Калиев Бакыт Калиевич
23.	Абжаев Марат Мәлікұлы
24.	Майгельдиева Шарбан Мусабековна

25.	Кожамберлиев Баймырза
26.	Жанбершиева Улжан Нахаткызы
27.	Нурмагамбетов Нурлан Шарипович
28.	Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы
29.	Билалов Сейдали Умиртаевич
30.	Смагулова Жанна Баглановна
31.	Абдуллахан Зарина Ержепкызы
32.	Прохорова Виктория Сергеевна
33.	Жусупова Ләйля Ажибаевна